

**Приозерск қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы 2016 жылға арналған бір тәрбиеленушіге мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімдігінің 2016 жылғы 19 мамырдағы № 17/6 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 17 маусымда № 3861 болып тіркелді. 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданыста болды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Приозерск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшаға сәйкес Приозерск қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы 2016 жылға арналған бір тәрбиеленушіге мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Б.Ә. Қазиеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімінің міндетін атқарушы

Б. Қазиева

Приозерск қаласы әкімдігінің  
2016 жылғы 19 мамырдағы  
№ 17/6 қаулысына қосымша

**Приозерск қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы 2016 жылға арналған бір тәрбиеленушіге мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыруды және ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімдігінің 18.08.2016 № 29/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

| Мектепке<br>дейінгі білім | Мектепке дейінгі<br>тәрбие мен оқыту | Мектепке дейінгі<br>ұйымдардағы жан | Мектепке дейінгі білім<br>беру ұйымдарындағы | Б і р<br>тәрбиеленушіге<br>бір айға |
|---------------------------|--------------------------------------|-------------------------------------|----------------------------------------------|-------------------------------------|
|---------------------------|--------------------------------------|-------------------------------------|----------------------------------------------|-------------------------------------|

| №  | б е р у<br>ұйымдарының<br>түрі       | ұйымдарындағы<br>тәрбиеленушілердің<br>саны | басына шаққандағы бір<br>айға қаржыландыру<br>мөлшері (теңге) | ат-аналардың бір айға<br>ақы төлеу мөлшері (теңге)                                                     | жұмсалатын<br>шығындардың<br>орташа құны (теңге) |
|----|--------------------------------------|---------------------------------------------|---------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------|
|    |                                      | Мемлекеттік                                 | Мемлекеттік                                                   | Мемлекеттік                                                                                            | Мемлекеттік                                      |
| 1. | Балабақша                            | 460                                         | 23786                                                         | 2-ден 3 жасқа дейін –<br>8 5 0 0<br>3-тен 5 жасқа дейін –<br>9 5 0 0<br>5-тен 7 жасқа дейін –<br>10500 | 23786                                            |
| 2. | Мектепке<br>дейінгі шағын<br>орталық | 160                                         | 15129                                                         | 2-ден 3 жасқа дейін –<br>8 5 0 0<br>3-тен 5 жасқа дейін –<br>9 5 0 0<br>5-тен 7 жасқа дейін –<br>10500 | 15129                                            |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК